

Ішкі су көлігінде жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 23 ақпандағы № 219 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 наурызда № 13551 болып тіркелді.

"Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 9-бабы 1-тармағының 26-18) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Ішкі су көлігінде жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Ішкі су көлігінде жүктерді тасымалдау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралар туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрі

Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және әлеуметтік
даму министрі

_____ Т. Дүйсенова

2016 жылғы 26 ақпан

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2016 жылғы 29 ақпан

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2016 жылғы 23 ақпандағы
№ 219 бұйрығына
1-қосымша

Ішкі су көлігінде жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ішкі су көлігінде жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 26-18) тармақшасына сәйкес әзірленген және ішкі су көлігінде жолаушылар мен багажды тасымалдау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда келесідей негізгі ұғымдар пайдаланады:

1) республикашілік – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан елді мекендер арасындағы тасымалдау;

2) тезжүргіш кемелер – су ығыстырғыштардан басқа, 35 километр сағатқа дейін және аса жылдамдықты ұзарталатын өзі жүретін кеме;

3) уәкілетті органның кәсіпорны - қызмет көрсететін шекаралар шегінде кемелердің қауіпсіз жүзуін қамтамасыз ету мақсатында ішкі су жолдарын және кеме қатынасының гидротехникалық құрылыстарын (шлюздерін) тиісінше күтіп ұстау мен дамыту үшін өндірістік қызметті жүзеге асыру негізгі міндеті болып табылатын ішкі су көлігінің мемлекеттік кәсіпорны.

3. Алдағы навигацияға тасымалдаудың жоспарланған көлемі мен маршруттары туралы мәліметтерді тасымалдаушылар уәкілетті органның кәсіпорнына жоспарланып

отырған жылдың ақпан айында ұсынады. Нақты жүргізілген тасымалдаудың көлемдері мен маршруттары туралы ақпаратты тасымалдаушылар уәкілетті органның кәсіпорнына есептіден кейінгі айдың оныншы күніне дейін ұсынады.

4. Ішкі су көлігінде жолаушылар мен багажды тасымалдау жолаушылар мен багажды тасымалдау шарттары негізінде жүргізіледі.

2. Ішкі су көлігінде жолаушылар мен багажды тасымалдау тәртібі

5. Жолаушыларды тасымалдау ішкі су көлігімен ұсынылатын шарттарға, ұзақтыққа, қашықтыққа және сапаға байланысты көліктік, туристік, экскурсиялық болып бөлінеді.

Республикашілік тасымалдау мыналарға бөлінеді:

облысаралық – әртүрлі облыстардағы жөнелту және межелі пункттер арасында жүзеге асырылатын немесе елді мекендерді республикалық маңызы бар қалалармен, астанамен жалғастыратын тасымалдау;

ауданаралық (облысшілік қаларалық) – бір облыс шегіндегі, әртүрлі аудандарда орналасқан елді мекендер арасында жүзеге асырылатын немесе облыстық маңызы бар қалаларды елді мекендермен жалғастыратын тасымалдау;

ауданішілік – бір аудан шегіндегі елді мекендердің арасындағы тасымалдау;

қала маңындағы – елді мекеннің белгіленген шекарасынан бастап өлшенетін, ұзақтығы елу километрге дейінгі қала маңы аймағындағы елді мекенмен жалғастыратын маршруттар бойынша тасымалдау;

қалалық – қаланың белгіленген шекарасының шегіндегі тасымалдау.

6. Жолаушыларды тасымалдау шарттары осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жол жүру билеті түрінде ресімделеді немесе бір жолғы бақылау билеті түрінде.

Багажды тасымалдау шарты осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша багаж түбіртегімен ресімделеді. Багаж түбіртегі шарикті қаламмен немесе автоқаламмен қара немесе көк түспен немесе басып шығару құрылғысын пайдалану арқылы толтырылады. Багаж түбіртекттерін толтыру кезінде түзетуге, тазартуға және өшіруге жол берілмейді.

7. Жол жүру билеті мынадай ақпаратты қамтиды:

1) жол жүру билетінің сериясы мен нөмірі;

2) жолаушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);

3) жолаушының жеке басын куәландыратын құжат түрі, және оның деректемелері. Кәмелетке толмаған жолаушыға жүруді ресімдеген кезде туу туралы куәліктің деректемелері және сериясы, оның туылған күні (күні, айы, жылы) көрсетіледі;

4) тасымалдаушының атауы;

5) бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН);

6) кеменің атауы;

7) жүру портының (пунктінің) атауы;

- 8) кеменің жөнелту күні (күні, айы) және уақыты (сағаты, минуты);
 - 9) ақырғы межелі порттың (пунктің) атауы;
 - 10) жолаушылар келетін кеменің межелі портына келу күні және күтілетін уақыты.
 - 11) каюта нөмірі;
 - 12) каютадағы орын нөмірі;
 - 13) билет түрі (толық, балалық, жеңілдетілген);
 - 14) жол жүру билетінің жалпы құны, оның ішінде тарифі, сервистік қызметтер және қосымша құн салығының сомасы;
 - 15) қызметтік белгілері:
- жол жүру құжатын (билетін) сату пунктінің атауы;
- жол жүру құжатын (билетін) сату күні мен уақыты;
- билет кассирінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда).

8. Балаларға билет сату бірге жүрген адамдардың туу туралы куәлігін ұсынғаннан кейін жүргізіледі. Баланың заңды өкілі болып табылмайтын жолаушы билет кассасына баланы алып жүруге құқық беретін құжатты (сенімхат) ұсынады.

Сүйемелдеусіз жүрген балаларға билет сатуға рұқсат берілмейді. Сүйемелдеусіз келе жатқан және билеті жоқ болып шыққан балалар таяу порттағы (кемежайдағы) ішкі істер органдарының кезекші қызметкеріне беріледі.

9. Жолаушы тегін алып жүретін белгіленген норма шегіндегі қол жүгін қоспағанда, жолаушының жол жүруіне және оның багажын алып жүруге төлемді тараптар келісімімен немесе жалпыға ортақ пайдаланымдағы көлікпен жолаушының жол жүруі және оның багажын тасымалдау кезінде тасымалдаушы анықтайды.

Қол жүгі деп алып жүруге жеңіл, басқа жолаушылардың орнын тарылтпайтын ұзындығы 1,8 метрден аспайтын немесе периметрі бойынша жалпы ұзындығы 2,6 метрден аспайтын, жалпы салмағы 36 килограммнан аспайтын және тезжүргіш кемелерде 20 килограммнан аспайтын заттар ұғынылады.

Мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары арасынан шыққан жолаушылардың жеке пайдалануға арналған техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарды және арнайы қозғалыс құралдарын өздерімен тегін алып жүре алады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.12.2022 № 761 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Тасымалдаушы билеттерді сатуды, оның ішінде алдын ала сатуды, сондай-ақ анықтама қызметін, сақтау камерасы, демалу бөлмесін, ана мен бала бөлмесін және изоляторы бар медициналық пунктіні және халықаралық порттарда санитарлы-карантиндік пунктіні ұсынуды ұйымдастырады.

Жолаушыларға ауызша анықтамалардың берілуін анықтама бюросының ақпарат беруші жүзеге асырады. Анықтама бюросы:

1) жұмыс уақыты мен ақпарат берушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетілген, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі, айқын көрінетін "Анықтама бюросы" деген маңдайша жазумен;

2) кемелердің осы порттан жөнелтілу, соңғы пунктке келу уақыты және барлық кемелердің осы портқа келу уақыты көрсетілген кемелердің қозғалыс кестесімен;

3) осы портта қызмет көрсететін барлық маршруттар бойынша жол жүру мен багажды алып жүру құнының кестесімен қамтамасыз етіледі.

Багаж сақтауға кез келген орамада, оның сыртқы пішініне қарамастан (чемодан, арқа қоржын, түйіншек, шыны ыдыс) қабылданады. Жеке заттар (шаңғы, арбалар, спорт бұйымдары және оған ұқсас) сақтауға орамасыз қабылдануы мүмкін. Орама заттардың, оларды тасу және сөрелерде сақтау кезінде сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

Багажды сақтауға қабылдау кезінде ораманың беріктігі тексеріледі және ол жарамсыз болған жағдайда, жолаушыға ақаулықты жою ұсынылады.

Өздеріне тән қасиеттері бойынша басқа жолаушылардың бұйымдарын ластауы немесе зақымдауы мүмкін заттарды, сондай-ақ өртену қаупі бар, жарылғыш, улағыш, улы, өткір және күлімсі иісті заттар сақтауға қабылданбайды.

Ана мен бала бөлмесі 5 жасқа дейінгі баласы бар жолаушыларға және жүкті әйелдерге қызмет көрсетуге арналған.

11. Порттарда:

1) арнайы жол белгілері орнатыла отырып, мүгедектігі бар адамдардың автокөлік құралдарын қоюға арналған орындардың бөлінуі;

2) ғимараттардың, ғимараттарға кіреберіс жолдардың (ғимаратқа кірер жолдардың, баспалдақтардың), ғимарат ішіндегі қозғалыс жолдарының, мүгедектігі бар адамдарды қоса алғанда, халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін ыңғайластырылуы;

3) "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес есту және көру қабілеттері бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді ақпараттық сигналдық құрылғылармен және байланыс құралдарымен жабдықталуы;

4) тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектерге және халықтың жүріп-тұруы шектеулі басқа да топтарына қызмет көрсету үшін мүгедектерге арналған кезекші кресло-арбаның болуы;

5) күту залдарында халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарының қажеттіліктері ескеріле отырып жабдықталуға тиісті, мүгедектігі бар адамдарға арналған арнайы орындардың бөлінуі;

6) қоғамдық дәретханалардың кресло-арбалармен жүріп-тұратын адамдарға арналған кабиналармен жабдықталуы;

7) кресло-арбалармен жүріп-тұратын адамдарға арналған арнайы таксофондардың орнатылуы;

8) мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсетуге арналған арнайы билет кассаларының жабдықталуы қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.12.2022 № 761 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Билеттерді сату, соның ішінде алдын ала сату өзен вокзалдарының билет кассалары арқылы жүргізіледі, ал маршруттың аралық аялдау пункттерінде билет кассалары болмаған жағдайда кемеде отыру үшін бос орынның болуы шартымен, сондай-ақ 50 километрден аспайтын қашықтыққа жолаушылар мен багажды тасымалдауды жүзеге асыру кезінде жолаушы кемесінің толу нормасына дейін тасымалдаушы жүзеге асырады.

13. Алдын ала сату кассаларында билеттерді сату 7 тәулік бұрын басталады және кеме жөнелтілгенге дейін бір тәулік бұрын аяқталады.

14. Ағымдағы сату кассаларында билеттерді сату кеме жөнелтілгенге дейін бір тәулік бұрын басталады және кеме жөнелтілгенге дейін 5 минут бұрын аяқталады.

15. Билет жоғалған және жолаушы өзен вокзалы кассасына немесе тасымалдаушыға кеме жөнелтілгенге дейін кемінде 1 сағат бұрын өтініш жасаған және жолаушының жүру билетті сатып алу фактісін сату жерінде кассирдің билет купонымен растаған жағдайда билет ақысы алынбай қалпына келтірілуге жатады.

16. Тасымалдаушы мұндай кідіру немесе кешігу Заңның 53 бабының 1 тармағында көрсетілген еңсерілмейтін күштің салдарынан болғанын дәлелдей алмаса, жолаушылар кемесін жөнелтудің кідіргені немесе межелі портқа оның кешігіп келгені үшін (қалалық және қала маңындағы қатынаста, сондай-ақ өткелдердегі тасымалдарды қоспағанда) тасымалдаушы жолаушыға әрбір кідіру сағаты немесе кешігу үшін тасымал төлемінің үш пайызы мөлшерінде, бірақ тасымал төлемінен аспайтын мөлшерде айыппұл төлейді.

Жолаушылар кемесін жөнелтудің кідіртуі немесе межелі портқа оның кешігіп келуі жағдайларда кеме капитаны осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес жалпы нысан актісі жасайды.

Акт шарикті қаламмен немесе автоқаламмен қара немесе көк түспен немесе басып шығару құрылғысын пайдаланып толтырылады. Багаж түбіртегін толтыру кезінде түзетуге, тазартуға және өшіруге жол берілмейді.

Актіні толтыру кезінде мыналар көрсетіледі:

- 1) Актінің реттік нөмері және оны жасау күні;
- 2) "Тасымалдаушы" деген жолда – кемең атауы, кеме капитанының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);
- 3) "Жолаушы" деген жолда – жолаушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);
- 4) "Отырғызу порты (пункті)" деген бағанда – порттың толық атауы немесе жолаушының кеме бортына отырғызу пунктінің атауы;

5) "Келу күні мен уақыты" деген бағанда – межелі пункттің пристанына кемеңіз келу уақыты және жолаушылардың түсуі басталған уақыты;

6) "Осы актінің жасау себебі" деген жолда – актінің жасауға әкелген мән-жайлар көрсетіледі;

Көрсетілген айыппұлдарды төлеу жолаушының жол жүру билеті мен актінің ұсына отырып, өтініші бойынша билет кассасында жүргізіледі. Комиссиялық алым алынбайды.

Алынған айыппұл сомасы тасымалдау төлемінің мөлшерінен аспауы тиіс.

17. Кеме жөнелтілгенге дейін жолаушының жол жүруден бас тартқан жағдайда жолаушы өзен вокзалының кассасына жол жүру билетін қайтарады және оған билеттің төленген құны қайтарылады.

Төлемді қайтару жолаушының жеке басын куәландыратын құжат көрсетілген жағдайда жүргізіледі

18. Жолаушының рейс басталғаннан кейін немесе кеме тоқтайтын кез келген портта жол жүруден бас тартқан жағдайда кеме капитаны акті жасайды, оның негізінде жолаушы билет кассасына жол жүру билеті мен актінің ұсынып өтініш білдіреді. Көрсетілген құжаттардың негізінде жолаушыға кемемен жүріп өтпеген ара-қашықтық үшін жол жүру құны қайтарылады. Комиссиялық алым алынбайды.

19. Жолаушы кемеге кешігіп қалған жағдайда билеттерді қайтару кезінде оған билет құнының 50 пайызына тең сома өтеледі.

20. Жөнелту пунктінде кемеңіз жөнелтудің кідіруіне байланысты жолаушы жол жүруден бас тартқан жағдайда, оған төленген жол жүру құны толық мөлшерде қайтарылады, сондай-ақ осындай кідіруге байланысты келген шығындар өтеледі.

21. Жолаушы жол жүруді емдеу мекемесінің құжатымен расталған сырқаттану салдарынан тоқтатқан кезде тасымалдаушы жолаушы билетінің қолданылу мерзімін сырқаттану уақытына ұзартады немесе билетті тапсырған кезде кемемен жүріп өтпеген жол бөлігі үшін жол жүру ақысын қайтарады.

22. Техникалық себептермен маршрут бойынша кемеңіз жүруі мүмкін болмаған жағдайда, жолаушыларға сатылған билеттер ақаулы кемеңіз ауыстыру үшін тасымалдаушы ұсынған кемеді немесе осы маршруттағы басқа кемеді жол жүруге жарамды.

23. Жолаушы тасымалдаушы бұзылған кемеңіз орнына ұсынған кемеді немесе осы маршруттың басқа кемесінде жол жүруден бас тартқан жағдайда, оған төленген жол жүру құны толық мөлшерде қайтарылады.

24. Жолаушы кемеге отырған кезде жүру билет пен жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады, баланы сүйемелдеу кезінде баланың туу туралы куәлігі, сондай-ақ баланы алып жүруге құқық беретін құжатты (сенімхат) ұсынады.

25. Жолаушының жеке басын куәландыратын құжаттағы реквизиттердің кассирмен билетте көрсетілген реквизиттерге сәйкес келмегенде, тазартулар және өшірулер

болған жағдайда жолаушының кемеге отыруына жол берілмейді. Реквизиттердің сәйкес еместігі анықталғанда жолаушы кассаға жүгінеді, онда жолаушының деректері билеттегі деректермен салыстырылады. Егер қателік кассирдің кінәсінен болса, жолаушыға келтірілген шығын жүру билетіне тең соммада қайтарылады.

26. Жолаушы багажды тасымалдауға кемеге отырғызу басталғанға дейін тапсырады

27. Тасымалдауға өздерінің мөлшерлері, орамы, ыдысы, торы және қасиеттері бойынша кемеге қиындықсыз тиелуі және орналастырылуы мүмкін бұйымдар, заттар және үй жануарлары қабылданады.

28. Тасымалдауға тапсырылатын багаждың әрбір орнын багажды жөнелтуші бирка тіркеу немесе қол қою арқылы таңбалайды.

Таңба мынадай мәліметтерден тұрады:

- 1) багажды жөнелтушінің және алушының тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда);
- 2) жүкті алушының мекен жайы;
- 3) жөнелту пунктінің атауы;
- 4) межелі пункттің атауы;

Багаж түбіртегін алғаннан кейін тасымалдаушы багаждың әрбір орнына багаж түбіртегінің нөмірін бекітеді.

Төлем туралы құжаттың негізінде және тасымалдау үшін багажды қабылдауды растауда жолаушыға багаж түбіртегі беріледі, ал жолаушы билетінде "Багаж" деген белгі жасалады.

Жолаушы багажды, соның ішінде багаждың әрбір орны үшін құндылығын жариялап тапсыруына ерікті.

Құндылығы жарияланған жүктің дұрыстығына күмәнді жағдайда, багажды тасымалдау үшін қабылдайтын адам жолаушының қатысуымен багажды ораманың ішіндегіні тексереді, ал мұндай тексеруге қарсылық білдірген кезде, багаждың құндылығын жариялаудан бас тартады.

Багаж түбіртегін багажды тасымалдау үшін багажды қабылдаған адам ресімдейді. Багаж түбіртегін ресімдеу кезінде сондай-ақ багаж түбіртегінің екі көшірмесі ресімделеді. Бір көшірмені және багаж түбіртегінің түбіршегін багажбен бірге тасымалдау үшін багажды қабылдайтын адам кемеге багажды қабылдауды жүзеге асыратын адамға береді. Кемеге багажды қабылдауды жүзеге асыратын адамның қолы қойылған багаж түбіртегінің екінші көшірмесі багажды тасымалдау үшін қабылдайтын адамда қалады. Багажды межелі пунктке тапсыру кезінде кемеден багажды тапсыратын адам багаж түбіртегінің түбіршегін алушыға беру үшін багажды қабылдайтын адамға береді. Алушыға беру үшін багажды қабылдайтын адамның қолы қойылған багаж түбіртегінің көшірмесі кемеді қалады. Багаж түбіртегі жолаушыда қалады.

29. Ерекше сақтықты қажет ететін бейне- және аудиоаппаратура, басқа ұйымдастыру техникасы жүру жолында қайта тиеусіз тасымалдау кезінде сақталуын қамтамасыз ететін орамда, ал қайта тиеу арқылы тасымалдауға тек қатты орамда (жәшік пен торда) қабылданады.

30. Бейне- және аудиоаппаратураны, басқа да ұйымдастыру техникасын ресімдеу кезінде олардың орамының жоғары жағына немесе бүйір қабырғаларының біріне тиісті жазу жазылады, мысалы: "Абай болыңыз, телевизор".

31. Багаж ақаулы орамда тасымалдауға қабылданбайды.

32. Кемшілігі бар, бірақ багаждың жоғалуына немесе бұзылуына алаңдаушылық тудырмайтын ыдыс (орам) тасымалдау құжаттарында осы кемшіліктер туралы белгісімен тасымалдауға қабылданады.

33. Багаж портқа немесе межелі пунктке келісімен багаж түбіртегін және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуы бойынша алушыға беріледі.

Багаж түбіртегі жоғалған жағдайда, багаж иесі жеке басын куәландыратын құжатты көрсетіп және ерікті нысанда жазылатын багаж түбіртегін жоғалғандығы туралы өтінішті ұсынып багажды алады. Өтініште багажды алуды талап етуші адамның құжаттағы тегін куәландыратын мәліметтер көрсетіледі. Иесінің багажды алғаны оның багаж түбіртегінің түбіршегіне қол қоюы арқылы куәланады.

34. Порттың немесе межелі пункттің әкімшілігі багаж келмеген, оны беру туралы жолаушы (алушы) талап еткен жағдайда, багаж түбіртегінің екінші жағына жеткізу мерзімі өткен соң "Багаж келмеді" деген белгі қояды, жылын, айын, күнін белгілеп мөртабан басады және жолаушыдан (алушыдан) өтініш алады, онда оған багаждың келуі туралы хабарлама жіберу үшін оның мекенжайы көрсетіледі.

Багаждың жоғалған, зақымдалған (бұзылған) немесе жетіспейтін жағдайында осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша коммерциялық акт жасалады.

Коммерциялық акт шарикті қаламмен немесе автоқаламмен қара немесе көк түспен немесе басып шығару құрылғысын пайдаланып толтырылады, багажды қабылдау пунктінде багажды қабылдауға (беруге) уәкілетті лауазымды адам және багажды алушы қол қояды. Актіні толтыру кезінде түзетулер, өшіріп тастауға және тазалап өшіруге жол берілмейді.

Актіні толтыру кезінде мыналар көрсетіледі:

- 1) актінің реттік нөмірі және оны жасау күні;
- 2) "Тиеу порты (пункті)" деген жолда – порттың дәл атауы немесе багаж тапсырған пункттің атауы;
- 3) "Түсіру порты (пункті)" деген жолда – порттың дәл атауы немесе багажды түсіру пунктінің атауы;
- 4) "Багажды беру күні" деген жолда – тасымалдаушының жолаушыға багажды берген күнтізбелік күні;

6) "багаж түбіртегі №" деген жолда – багаж түбіртегінде көрсетілген нөмір көрсетіледі;

7) "Багажды тексеру нәтижесі" деген кестеде мыналар көрсетіледі:

8) "құжаттар бойынша көрсетілген" деген бағанда:

"марка, таңба" деген бағанда – тасымалдауға қабылданған багажға басылған маркалар, таңбалар;

"орын саны" деген бағанда – тасымалдауға қабылданған багаждың орын саны;

"Орама түрі" деген бағанда – тасымалдауға қабылданған багаждың параметрлері мен орама түрі.

"багаждың атауы" деген бағанда – тасымалдауға қабылданған багаждың сипаттамасы;

"Жөнелтушінің өтініші бойынша багаждың массасы" деген бағанда – тасымалдауға берілген багаждың багаж түбіртегіне сәйкес салмағы;

"тасымалдаушының өтініші бойынша багаждың массасы" деген бағанда – тасымалдаушымен тасымалдауға қабылдаған багаждың салмағы.

9) "Шын мәнінде болғаны" деген бағанды толтыру тәртібі осы тармақтың 1) тармақшасына ұқсас толтырылады;

10) "Багажды тексеру кезінде табылғандардың толық сипаттамасы" деген бағанда – багажды алушының багажды тасымалдауда және беру кезінде болған шағымдары.

35. Тасымалдаушы багаждың қауіпсіздігін багажды тасымалдауға алғаннан бастап және оны алушыға немесе алуға уәкілетті тұлғаға тапсырғанша қамтамасыз етеді.

36. Тасымалдаушы багаждың жоғалуы, жетіспеушілігі немесе зақымдалуы (бүлінуі) оның кінәсінан болмағанын дәлелдемесе, багаждың жоғалуына Заңның 87 бабының 1 тармағына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

37. Багажды тасымалдау кезінде келтірілген шығынды:

1) багаж жоғалғанда немесе жетіспеген жағдайда - жоғалған не жетіспеген багаж құны мөлшерінде;

2) багаж зақымдалған (бүлінген) жағдайда - багаж құнының төмендеген сомасы мөлшерінде, ал зақымдалған багажды қалпына келтіру мүмкін болмаған кезде - оның құны мөлшерінде;

3) тасымалдауға тапсырылғанда құндылығы жарияланған багаж жоғалған жағдайда – багаждың жарияланған құны мөлшерінде өтейді;

Багаждың құны сатушының шотында көрсетілген немесе шартта көзделген оның бағасы негізге алына отырып, ал шарт болмаған немесе шартта бағасы белгіленбеген кезде – салыстырмалы мән-жайларда әдетте ұқсас тауарлардан алынатын баға негізге алына отырып, анықталады.

38. Табылған багаждың келуі туралы порттың немесе межелі пункттің әкімшілігі ол келген күні жолаушыға (алушыға) хабарлама жібереді.

Багажды алған кезде жолаушы (алушы) бұрын багаждың жоғалғаны үшін алған қаржы қаражатын қайтаруы тиіс.

39. Егер порттың немесе межелі пункттің әкімшілігі багаждың келуі туралы жолаушыны хабардар етпесе, онда ол хабарлама жіберілген күнінен бастап багажды сақтаудың мерзімі өткен күндер үшін төлем алу құқығынан айырылады.

40. Багажды жеткізу мерзімі багаж кеме қозғалысы кестесіне сәйкес жіберілген портқа немесе межелі пунктке жүру уақытымен айқындалады.

41. Келген багаж межелі пунктке келген уақытына қарамастан багаждың келген күнін санамағанда, алғашқы тәуіліктер бойы тегін сақталады. Алғашқы тәуіліктер уақытын есептеу багаждың келген күнінен кейінгі күннің 00 сағатынан басталады.

42. Егер жолаушы багажды тасымалдаушыдан байланысты емес себептер бойынша алмаған болса, багаж межелі пунктке келген күнінен бастап үш ай бойы сақталады.

Шектеулі сақтау мерзімі өткеннен соң талап етілмеген багаж сатылуы мүмкін.

Талап мерзімі ішінде багаж түбіртегін ұсынушыға тасымалдаушының талап етілмеген багажды сақтау және оны сату кезінде шеккен шығындарын шегеріп, сатудан түскен сома қайтарылуы мүмкін.

43. Жолаушылардан тасымалдауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша түскен шағымдарды тасымалдаушы күнтізбелік үш күн ішінде қарайды, ол өткен соң өтініш берушіні шағымдарды қарау нәтижелері туралы және қабылданған шаралар туралы жазбаша хабардар етеді.

Ішкі су көлігінде жолаушылар
мен багажды тасымалдау
қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Жолаушы билеті

Билет	Бақылау купоны (билет болмаған жағдайда жарамсыз)	Кассирдің купоны
Сериясы ____ № ____	Сериясы ____ № ____	Сериясы ____ № ____
Жолаушының Т.А.Ә (болған жағдайда) ____	Жолаушының Т.А.Ә (болған жағдайда) ____	Жолаушының Т.А.Ә (болған жағдайда) ____
Жеке басын куәландыратын құжат түрі ____ № ____	Жеке басын куәландыратын құжат түрі ____ № ____	Жеке басын куәландыратын құжат түрі ____ № ____
берілген күні ____ кім береді ____	берілген күні ____ кім береді ____	берілген күні ____ кім береді ____
Тасымалдаушы ____	Тасымалдаушы ____	Тасымалдаушы ____
БСН ____	БСН ____	БСН ____
Кеме атауы ____	Кеме атауы ____	Кеме атауы ____
Жөнелту порты (пункті) ____	Жөнелту порты (пункті) ____	Жөнелту порты (пункті) ____

Жөнелту күні мен уақыты " __ " __ 20 ж. __ с. __ мин.	Жөнелту күні мен уақыты " __ " __ 20 ж. __ с. __ мин.	Жөнелту күні мен уақыты " __ " __ 20 ж. __ с. __ мин.
Межелі порты (пункті) _____	Межелі порты (пункті) _____	Межелі порты (пункті) _____
Келу күні мен уақыты " __ " __ 20 ж. __ с. __ мин.	Келу күні мен уақыты " __ " __ 20 ж. __ с. __ мин.	Келу күні мен уақыты " __ " __ 20 ж. __ с. __ мин.
Каюта № _____	Каюта № _____	Каюта № _____
Орын № _____	Орын № _____	Орын № _____
Билет түрі _____	Билет түрі _____	Билет түрі _____
Бағасы _____	Бағасы _____	Бағасы _____
Қызметтік белгілері:	Қызметтік белгілері:	Қызметтік белгілері:
Сату орны _____	Сату орны _____	Сату орны _____
Сату күні және уақыты " __ " __ 20 ж. __ с. __ мин.	Сату күні және уақыты " __ " __ 20 ж. __ с. __ мин.	Сату күні және уақыты " __ " __ 20 ж. __ с. __ мин.
Билет кассирі _____	Билет кассирі _____	Билет кассирі _____

Ішкі су көлігінде жолаушылар
мен багажды тасымалдау
қағидаларына 2-қосымша

Нысан

Багаж түбірегі

Ішкі су көлігінде багажды тасымалдау

№ _____ Сериясы _____

Билет сериясы _____ № _____ , жүзуге берілген кеме (атауы) _____
_____, маршруты бойынша _____

Жөнелту: пункті _____ күні _____ уақыты _____

Келу: пункті _____ күні _____ уақыты _____

Жолаушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Тасымалдауға алынды:

Багаж орнының атауы	Саны, дана	Салмағы, килограмм	Бағасы, теңге
Барлығы:			

Жалпы бағасы _____ теңге
(жазбаша)

Багажды қабылдап алған жауапты тұлғаның атауы және оның қолы

Бағаж түбіртегінің түбіршегі
Ішкі су көлігінде багажды тасымалдау

№ _____ Сериясы _____
Билет сериясы _____ № _____ , жүзуге берілген кеме (атауы) _____
_____, маршруты бойынша _____

Жөнелту: пункті _____ күні _____ уақыты _____
Келу: пункті _____ күні _____ уақыты _____
Жолаушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
Тасымалдауға алынды:

Бағаж орнының атауы	Саны, дана	Салмағы, килограмм	Бағасы, теңге
Барлығы:			

Жалпы бағасы _____ теңге
(жазбаша)
Багажды қабылдап алған жауапты тұлғаның атауы және оның қолы

Ішкі су көлігінде жолаушылар
мен багажды тасымалдау
қағидаларына 3-қосымша

Нысан
№ _____ Жалпы нысан актісі
_____ күні

Тасымалдаушы

Жолаушы

Түсіру порты (пункті)	Түсіру күні және уақыты	Белгілеу порты (пункті)	Келу күні және уақыты
-----------------------	-------------------------	-------------------------	-----------------------

Осы актіні жасау себебі _____

Кеме капитанының қолы

Жолаушының қолы

Ішкі су көлігінде жолаушылар

Нысан

Коммерциялық акт

_____ күні

_____ №

Тиеу порты (пункті) _____

Белгілеу порты (пункті) _____

Багажды беру күні _____

Багаж түбіртегі № _____

Багажды тексеру нәтижесі

Маркілер, белгілер	Орын саны	Орама түрі	Багаж атауы	Багаж салмағы	
				Жөнелтушнің арызы бойынша	Тасымалдаушын ың арызы бойынша
Құжаттар бойынша көрсетілген					
шын мәнінде болғаны					

Багажды тексеру кезінде анықталғандарды толық сипаттау

Межелі пункттегі лауазымды
тұлғаның Т.А.Ә (болған
жағдайда). және қолы

Жолаушының
Т.А.Ә (болған жағдайда).
және қолы
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2016 жылғы 23 ақпандағы
№ 219 бұйрығына
2-қосымша

Ішкі су көлігінде жүктерді тасымалдау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ішкі су көлігінде жүктерді тасымалдау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңының 8-бабының 19) тармақшасына сәйкес әзірленді және ішкі су көлігінде жүктерді тасымалдау тәртібін айқындайды.

2. Алдағы навигацияға жоспарланған тасымалдау көлемі мен маршруттар туралы мәліметтерді жыл басында тасымалдаушылар уәкілетті органның кәсіпорнына жоспарланып отырған жылдың ақпан айында ұсынады. Тасымалдаудың нақты жүргізілген көлемі мен маршруттары туралы ақпаратты тасымалдаушылар есептік айдан кейінгі айдың 10 күнінен кешіктірмей уәкілетті органның кәсіпорнына ұсынады.

2-1. Кеме қатынасы су жолдары бойынша кемелердің жүзуі туралы есептілікті, осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген мәліметтер негізінде навигациялық кезең аяқталғаннан кейін, су көлігі саласындағы уәкілетті орган жасайды.

Ескерту. Қағидалар 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 16.07.2025 № 218 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы Қағидаларда келесідей негізгі ұғымдар пайдаланады:

1) мекенжайын өзгерту - тасымалдауға қабылданған және жөнелту портында (кемежайында), жүру жолында немесе межелі пунктте жүктердің межелі пункттерін өзгерту;

2) уәкілетті органның кәсіпорны - қызмет көрсететін шекаралар шегінде кемелердің қауіпсіз жүзуін қамтамасыз ету мақсатында ішкі су жолдарын және кеме қатынасының гидротехникалық құрылыстарын (шлюздерін) тиісінше күтіп ұстау мен дамыту үшін өндірістік қызметті жүзеге асыру негізгі міндеті болып табылатын ішкі су көлігінің мемлекеттік кәсіпорны.

4. Ішкі су көлігінде жүктерді тасымалдау жүкті тасымалдау шартын жасасу арқылы жүзеге асырылады, шарт бойынша бір тарап (тасымалдаушы) өзіне басқа тараптың (жүк жөнелтушінің) сеніп тапсырған жүгін белгіленген мекенге жеткізуге және жүкті алуға уәкілетті адамға (алушыға) оны беруге міндеттенеді, ал жүк жөнелтуші жүкті тасымалдағаны үшін шартқа немесе тарифке сәйкес ақы төлеуге міндеттенеді.

Жүк тасымалдау шарты көліктік жүкқұжатын жасау арқылы рәсімделеді.

2. Ішкі су көлігінде жүктерді тасымалдау тәртібі

1-параграф. Жүктерді тасымалдауға ұсыну және қабылдау

5. Айлақтарда жүкті тасымалдауға қабылдау осы Ереженің 15 тармағында көрсетілген құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

6. Жүктерді тасымалдау мынадай түрлермен жүзеге асырылады:

1) кеменен жөнелту - бір жөнелту пунктінде межелі бір портқа (кемежайға) немесе бір пунктке егер кемеде жүктің бір легін екіншісінен бөлу талап етілмесе, аралас көлік түріне кемені толық жүктеу үшін жеткілікті мөлшерде беру үшін бір және одан көп

жүккұжат бойынша тасымалдауға ұсынылған бір атаудағы жүк немесе біртектес жалпы жүк легі (бір маркалы көмір, бір сортты тұз және басқалары);

2) құрама жөнелтім - тасымалдауға бір көлік жүккұжаты бойынша ұсынылатын, салмағы 20 тоннадан астам, бірақ кемені толық жүктеуді қамтамасыз етпейтін жүк легі. Жөнелтім мынадай жағдайда:

кеменің толық жүктелуі әртүрлі атаудағы жүкпен немесе атауы бір, бірақ межелі пункті әртүрлі жүкпен жүргізілгенде;

жүк жөнелтушінің талап етуі бойынша және тасымалдаушының келісімімен оған кеме әртүрлі жөнелту пункттерінен бір межелі пунктке жүк тиеу немесе басқа да көлік түріне беру үшін ұсынылғанда;

біртектес жүкпен бір межелі пунктке, бірақ әртүрлі жүк алушыларға жүктің бір легін басқасынан бөле отырып, кеме толығымен тиелгенде;

бір жүк жөнелтуші бір межелі пунктке бір көліктік жүккұжатпен жалпы салмағы 20 тоннадан асатын әртүрлі атаудағы жүк легі ұсынылғанда құрама деп есептеледі;

3) ұсақ жөнелтім - тасымалдауға бір көліктік жүккұжатпен ұсынылатын салмағы 20 тоннадан аз жүк легі.

7. Жоғалудан, жетіспеушіліктен, бұзылудан және зақымдалудан сақтандыру үшін ыдысты (орамды) жүктер, олардың толық сақталуын қамтамасыз ететін жарамды ыдыста (орамда) тасымалдауға ұсынылады.

8. Жүкті тасымалдауға дайындау көлік құралдарының жүк көтергіштігі мен жүк сыйымдылығын және тиеу-түсіру жұмыстарының қолайлылығын барынша пайдалануды ескере отырып, жүзеге асырылады.

9. Жүк тасымалдауға ыдысты (орамды) сыртынан немесе жүк ыдыссыз (орамсыз) тасымалданатын болса, жүктің өзін қарау бойынша қабылданады. Қарау арқылы ыдыстың (орамның) ақаусыздығы, тасымалдауға жарамдылығы, таңбалануының болуы, пломбаның таңба іздері және олардың көлік жүккұжатында көрсетілген деректерге сәйкестігі белгіленеді.

Егер сыртынан қарау нәтижесінде жүктің жолда жоғалу, жетіспеушілік немесе зақымдану қаупін туындататын кемшіліктер байқалған болса, жүктің сақталуын қамтамасыз ететін жай-күйге келтірілгенге дейін жүк тасымалдауға қабылданбайды.

Жүк жөнелтушімен көлік жүккұжатында белгіленген елеулі емес кемшіліктері (бұрын пайдаланылған ыдыс (орам), жүктегі тот басу, майысу) кезінде жүк тасымалдауға қабылданады.

10. Жүк салмағы таразыда өлшеумен, жүк орындарында көрсетілген жалпы салмақты есептеумен анықталады. Салмақты анықтау тәсілі көлік жүккұжатында және жүкті тиеу-түсіру актісінде көрсетіледі.

11. Жүкті бір көліктік жүккұжатпен порт (кемежай) қоймасына әкелуді жүк жөнелтуші бір күн ішінде жүзеге асырады. Жүкті неғұрлым ұзақ мерзімге әкелуге тасымалдаушының келісімі бойынша рұқсат етіледі.

12. Порт (кемежай) айлақтары жоқ пункттерде жүкті тасымалдауға қабылдауды кеме капитаны кеме бортында жүргізеді.

13. Тасымалдаушылар жүкті тасымалдауға оларды порттардың (кемежайлардың) қоймаларында және жөнелту пункттерінде немесе навигация ашылғанға дейін ауыстырып тиеу пункттерінде сақтау шартымен қабылдайды.

14. Навигация ашылғанға дейін тасымалдауға қабылданған жүкке көліктік жүкқұжатта, күнтізбелік мөртаңбадан басқа, "Жүк сақтау және навигация ашылғаннан кейін тиеу шарттарымен қабылданды" деген белгі жасалады.

Навигация ашылғанға дейін қауіпті, тез бұзылатын және үсуге бейім жүктерді сақтауға қабылдауға рұқсат етілмейді.

2-параграф. Жүкқұжатты және тасымалдау құжаттарын ресімдеу

15. Тасымалдау құжаттарына – көліктік жүкқұжат, жол ведомосі, (көлік жүкқұжаты негізінде ресімделген) және жүкті тасымалдау үшін қабылдау туралы түбіртек жатады.

Көлік жүкқұжаты жүк жөнелтуші жүкпен бірге ұсынатын негізгі тасымалдау құжаты болып табылады. Көліктік жүкқұжат және жол ведомосі нысандары осы Қағидаларға 1-қосымшада келтірілген.

16. Көліктік жүкқұжатты жүк жөнелтуші бір жүк алушыға және бір межелі пунктке жіберілетін әрбір жүк тобына толтырады.

17. Жүктің әрбір түрі үшін жеке:

- 1) тез бұзылатын жүкті;
- 2) қасиеттері бойынша басқа жүктермен бірге сақтауға рұқсат етілмейтін жүкті;
- 3) ыдысты-дана жүкпен бірге үйілме немесе ақтарма жүкті тасымалдау көліктік жүкқұжатпен ресімделеді.

18. Көліктік жүкқұжат шарикті қаламмен немесе автоқаламмен қара немесе көк түспен немесе басып шығару құрылғысын пайдаланып толтырылады және жүк жөнелтуші, тасымалдаушы, жүк алушы немесе олардың өкілдері қол қояды.

Көліктік жүкқұжатты толтыру кезінде түзетулер, тазартуларға және өшіріп жазуларға жол берілмейді. Жүк жөнелтушіге жүкті тасымалдау үшін қабылдау туралы түбіртегі берілгеннен кейін тасымалдаушы көліктік жүкқұжатқа енгізген мәліметтердің өзгеруі мен толықтырылуы тасымалдаушының қолымен және күнтізбелік мөртаңбамен расталады.

Көліктік жүкқұжатқа барлық қосымшалар оның артқы жағының жоғарғы бөлігіне берік тігіледі.

19. Көліктік жүкқұжатты жасаған кезде жүк жөнелтуші мынадай бағандарды толтырады:

- 1) "Жөнелту порты (кемежай) және "Межелі порт (кемежай)" - тиісінше жөнелту және межелі порттардың нақты атаулары көрсетіледі;

2) "Жүк жөнелтуші" және "Жүк алушы" - тиісінше жүк жөнелтуші мен жүк алушының толық атауы көрсетіледі;

3) "Жөнелтушінің жазуы және белгілері" - айырым белгілері немесе жүк орындарына жазылған реттік нөмірлер көрсетіледі;

4) "Орындар саны" - жүк орындарының жалпы саны, әрбір жүк атауы және ыдыстың (ораманың) әрбір түрі бойынша орындардың саны бөлек көрсетіледі;

5) "Орын жиыны (жазумен)" - жазумен орындардың жалпы саны көрсетіледі;

6) "Ыдыс (орам)" - ыдыстың (орамның) түрі көрсетіледі. Жүкті үймелі немесе ақтарма тасымалдауға ұсынған кезде "үймелі" немесе "ақтарма" деп көрсетіледі;

7) "Жүктің атауы" - жүктің нақты және толық атауы көрсетіледі;

8) "Жүк салмағын жүк жөнелтуші анықтаған" - жүк жөнелтуші үйінді және ақтарма жүктердің салмағын және ыдысты-дана жүктердің брутто салмағын көрсетеді;

9) "Тиеу, _____, Түсіру _____" - жүкті тиеу-түсіру

құралдармен құралдармен

төлемі бір жақпен (жөнелтуші, тасымалдаушы, жүк алушы) жүргізілген жағдайда.

20. Көліктік жүккұжат жасалған кезде тасымалдаушы мынадай бағандарды толтырады:

1) "№ көліктік жүккұжат" - көліктік жүккұжаттың нөмірі көрсетіледі;

2) "Жүкті әкелуге айының күні рұқсат етілген" - жүк порттың (кемежайдың) қоймалары арқылы ұсынылған кезде толтырылады;

3) "Жөнелту" - жүк тасымалдауға қандай жөнелтумен (кемемен, құрама немесе ұсак) қабылданатыны көрсетіледі;

4) "Кеме" - жүк тиелген кемеңің нақты атауы, нөмірі және үлгісі (өздігінен жүретін немесе өздігінен жүрмейтін) көрсетіледі;

5) "Тасымалдау қашықтығы" - су жолдары бойынша жөнелту және межелі пункттер арасындағы нақты және тасымалдау ақысын есептеу үшін қабылданатын есепті қашықтық көрсетіледі;

6) "Жүк салмағын тасымалдаушы анықтаған" - тасымалдаушы анықтаған үймелі және ақтарма жүктің салмағы және ыдысты-дана жүктің брутто салмағы көрсетіледі;

7) "Кемеңің тиелу нормасы" - кемеңің тиелуіңің техникалық нормалары негізінде толтырылады;

8) "Төлемдер" - тиісінше "Жөнелту және межелі пункттерде" баптарында тасымалдау ақысының мөлшері, сондай-ақ егер олар осы тасымалдау кезінде есептелген болса, тиеу, түсіру, сақтау және өзге де операциялар үшін алымдар көрсетіледі;

9) "Жөнелту кезінде немесе жеткізу кезінде алынған" - тасымалдаушының қолымен расталатын, жүк жөнелтушіден өндіріп алынған сома жазумен көрсетіледі.

10) "Жүкжөнелтушінің белгілері" деген бағанда – жүкжөнелтуші жүк туралы барлық қосымша мәліметтерді, өз атынан уәкілетті адамға талаптарды немесе талап

арыздарды ұсыну құқығын беру туралы мәліметтерді және басқа да ақпаратты енгізеді. "Жүкжөнелтушінің белгісі" деген бағанда тасымалдаушы міндетті емес болып табылады.

11) "Тасымалдаушының белгісі" деген бағанда – тасымалдаушы жүкті тасымалдауға алған кезде жүк түбіртегінде белгіленбей анықталған жүк ерекшеліктерін белгі жасауына болады, тек ыдыстың (орама) кемшіліктерін, оның тасымалдау және жүк алушыға беру ерекшеліктерін, бір жүк түбіртегімен тасымалдауға берілген жүктің бөлігін қосымша жіберу қажеттілігін белгілемейді. "Тасымалдаушының белгілері" деген бағанды толтыру кезінде тасымалдаушы жүк иесін хабарландырады.

12) "Басқа мекен жайға жіберу" деген бағанда – басқа мекен жайға жіберу себебі, нақты межелі пунктін атауы, уақыты, күні, межелі пунктін атауын өзгерткен тұлғаны көрсетеді, сонымен бірге тасымалдау құжаттарын ресімдейтін және тасымалдаушыға басқа мекен-жайға ауыстарғандағы шығынды өтейтін тұлғаны көрсетеді;

13) "Тасымалдауға алынған жүктің уақыты және күні белгісі" деген бағанда – порттағы тапсырып-қабылдау жұмысына жауапты тұлға, өзінің лауазымын, тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) және өз қолын қояды, сонымен қатар тиеу пунктіндегі көлік түбіртегіне сүйеніп жүкті алып келген күнді көрсетеді;

14) "Межелі пунктке жүктің келу уақыты және күні белгісі" деген бағанда – порттағы тапсырып-қабылдау жұмысына жауапты тұлға, өзінің лауазымын, тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) және өз қолын қояды, сонымен қатар түсіру пунктін көлік түбіртегінде белгіленгендей келген күнін.

21. Жол ведомосі, ол толтырылмаған екі бет беттен тұратын бланк болып келеді, барлық бет үшін бірдей тіркеу сериясы және нөмірі болады.

22. Жол ведомосінің әр бетінің атауы болады:

1) бірінші бет "Жол ведомосі" деп аталады;

2) екінші бет "Жүкті тасымалдау үшін қабылдау туралы түбіртек" деп аталады.

Жүкті тасымалдау үшін қабылдау туралы түбіртек жол ведомосінің қосымша данасы болады.

23. Жол ведомосінде мыналар көрсетіледі:

1) "тиеу жоспарланды" деген жолда жүктің кемеге тиелу күні көрсетіледі;

2) "Порт (пристань) басқарушысы" деген жолда түсіру портының (пристань) лауазымды тұлғасының тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) және қолы көрсетіледі.

3) "жөнелту" деген жолда жөнелту түрі (кемелік, құрамалы, шағын) көрсетіледі;

4) "кеме" деген жолда жүк тиелген кеменің түрі, нөмірі (атауы) көрсетіледі;

5) "Тасымалдау ара қашықтығы" деген бағанда – кеменің жөнелту пунктінен межелі пунктке дейінгі километрдегі маршрут ара-қашықтығы, "есептік" деген жолда (кеме жөнелтілгенге дейін жөнелту пунктін толтырады) – ауыстырып тиеу пунктін дейінгі тарифтік ара қашықтыққа сәйкес кеме маршрутының ара-қашықтығы, "нақты" деген

жолда (кеме межелі пунктке келген соң толтырылады) – кемелік журналдағы жазуларға сәйкес кеме жүріп өткен ара-қашықтық;

6) "Жүк жөнелтуші" және "жүк алушы" деген бағанда – тиісінше жүк жөнелтуші мен жүк алушының толық атаулары көрсетіледі. Егер жүк жөнелтуші мен жүк алушы жеке тұлға болса – оның тегі, аты әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі;

7) "Жүк жөнелтушінің мекен жайы" және "жүк алушының мекен жайы" деген бағанда – тиісінше жүк жөнелтуші мен жүк алушының орналасқан жері көрсетіледі. Егер жүк жөнелтуші мен жүк алушы жеке тұлға болса – оның мекен жайының пошталық адресі көрсетіледі;

8) "Орын саны" деген бағанда - көлік жүк түбіртегінде көрсетілген деректерге сәйкес жүктің әр атауы бойынша жеке жүк орындарының саны;

9) "жүк атауы" деген бағанда - көлік жүк түбіртегінде көрсетілген деректерге сәйкес жүк атауы;

10) "жүк салмағы" деген бағанда – ақтара/төгіп немесе құю арқылы тасымалданатын жүктің жалпы салмағы нетто, немесе даналап, ыдыспен жіберілген жүктің брутто салмағы, жүк салмағы кім жөнелткеніне байланысты, "жүк жөнелтуші" немесе "жүк алушы" деген бағанда белгісімен киллограммен брутто салмағы;

11) "тарифтік белгілер" деген бағанда – тасымалдаушы тасымалдауға тариф белгілегенде негізге алған құжат нөмірі және тармағы. Егер тасымалдау құны тараптар келісімімен белгіленсе, "тарифтік белгілер" деген бағанда - "келісімге сәйкес (күні, нөмірі)" белгісі қойылады;

12) "Салмақты анықтау тәртібі" деген жолда – осы Қағидалардың 42-45 тармақтарында айқындалған жүк массасын анықтайтын тәсілдерінің бірі;

13) "Кеме тиеу нормасы" деген жолда – кеменің осы тасымалдау үшін шекті тиеу техникалық нормасы және оны анықтау тәртібі;

14) "Төлемдер" деген бағанда – тасымал төлемі осы жүкті тиісінше "Жөнелту" және "Алу" пунктерінде тасымалдаумен байланысты тасымалдаушы және порттар (пристандар) көрсететін жүкті тиеу, түсіру, сақтау, бойынша қызметтер сомасы;

15) "Төлемдер белгілері" деген бағанда – төлемдерді қабылдау бухгалтерлік есепке алуға сәйкес толтырылады;

24. Жол ведомосі барлық беттерге бірдей ақпаратты қамтиды, шарикті қаламмен немесе автоқаламмен қара немесе көк түспен немесе басып шығару құрылғысын пайдаланып толтырылады.

Жол ведомосін және жүкті тасымалдау үшін қабылдау туралы түбіртекті толтыру кезінде түзетуге, тазартуға және өшіруге жол берілмейді.

Жол ведомосінде көрсетілген мәліметтер жүкқұжатында көрсетілген мәліметтерге сәйкес келеді. Жүк жөнелтушіге жүкті тасымалдау үшін қабылдау туралы түбіртекті

берген соң, тасымалдаушы жол ведомосіне енгізген мәліметтерге өзгерістер мен толықтырулар тасымалдаушының қол қоюымен және күнтізбелік мөр табанмен расталады.

3-параграф. Жүкті тиеу және түсіру

25. Жүкті кемеге тиеу және кемеден түсіру порттардың (кемежайлардың) айлақтарында жүргізіледі.

26. Жүк тасымалдау шартына сәйкес жүк жөнелтуші белгіленген уақытта жүкті кемеге тиеу үшін ұсынады.

27. Порттың (кемежайдың) иесі тиеу (түсіру) үшін жүкті алған кезде жүкті тиеу (түсіру) актісін жасайды, жүкті тиеу жүк тиеу және кемеді бекітудің техникалық шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

4-параграф. Жүкті үйіп және ақтара тиеп тасымалдау

28. Қиыршықтас, қиыршықтас-күмді қоспа, күм үйіп тиеліп өзен көлігімен тасымалданады.

Алебастрлы тас, шой тас, әк тас, қиыршықтас, шағылтас, дала шпаты, асфальт және басқа да минералдық құрылыс материалдары ақтара тиеліп өзен көлігімен тасымалданады.

Минералдық құрылыс материалдарының жеке кесектерінің салмағы 80 килограммнан асуына рұқсат етілмейді.

29. Жүктерді үйіп және ақтара тиеп тасымалдауға мамандандырылған кемелер (аландар) беріледі.

5-параграф. Тез бұзылатын жүктерді тасымалдау

30. Тез бұзылатын жүктерді тасымалдау кезінде белгілі бір режимді ұстауды немесе оларға жоғары немесе төмен температуралардың әрекетінен қорғау шараларын қабылдауды талап ететін жүк жатады.

Көлік құралдарының ішкі қабаты Қазақстан Республикасы және Еуразиялық экономикалық одағы қатысушыларымен қолдануға рұқсат етілген, гигиеналық қаптаумен ескерілген, жуға және дезинфекция жасауға оңай берілетін, жуғыш және дезинфекция жасайтын құралдарға төзімді материалдармен қаптау көзделген. Азық-түлік тасымалдау кезінде тауарлардың көршілігі сақталады. Азық-түлікпен бірге тағамдық емес жүктерді тасымалдауға жол берілмейді.

31. Тез бұзылатын жүктер тасымалдауға қолайлы жай-күйде ұсынылады. Ыдыс (орам) жарамды, берік таза болуы және ағу іздері болмауы тиіс. Қажет болға жағдайда тасымалдаушы тасымалданатын жүктің сұратады мен техникалық шарттарын жүк жөнелтушіден.

Тез бұзылатын жүктер тасымалдауға пакеттелген түрде немесе контейнерлерде беріледі.

32. Тез бұзылатын жүктерді тасымалдау кезінде жүк жөнелтуші көліктік жүкқұжатпен бірге олардың сапасы мен жарамдылық жылын растайтын құжаттарды ұсынады.

33. Тез бұзылатын жүктер тасымалдауға оларды тиеу үшін кемелердің келу уақытын ескере отырып қабылданады.

34. Тез бұзылатын жүктер, егер құжатта көрсетілген тасымалдау мерзімі осы Қағидларда белгіленген немесе тараптар келіскен жүкті жеткізу мерзімінен кем болса, тасымалдауға қабылданбайды.

Сырттан қарап тексеру кезінде табылған анық бұзылу белгілері бар (шіру, зең, дымқыл дақтар, шіріген иіс, ашу, сілекейлену, ыдыстан ағу іздері) тез бұзылатын жүктер тасымалдауға қабылданбайды.

Ыдыс ішіндегі жүктің сапалы жай-күйі және оның тауарлық сорттылығы тасымалдауға қабылдау кезінде тексерілмейді.

35. Портта (кемежайда) тез бұзылатын жүктерді сақтау үшін жабдықталған қойма үй-жайлары болмаған кезде жүк жөнелтушілер мен жүк алушылар жүктерді өзінің көлігімен кемеге әкеледі және тиісінше оларды кеме бортында алады.

36. Тез бұзылатын жүктер рефрижераторлық қондырғылармен жарақталған кемелерде, сондай-ақ арнайы осы үшін жабдықталған өзге де кемелерде тасымалданады.

37. Тез бұзылатын жүктерді (мұздатылған - етті, қосымша өнімдерді, эндокриндік шикізатты, балықты, балық сүбесін, жеміс пен көкөністерді, жұмыртқа өнімдерін; салқындатылған - мұз араластырылған ет пен балықты, ірімшік пен ірімшік массаларын, тоңазытқыштарда сақтағаннан кейін жұмыртқаны; суытылған етті; жаңа сауылған сүт пен кілегейді, қаймақты, сары май мен торта майды қоспағанда) жабдықталмаған, көбінесе өздігінен жүретін кемелерде тасымалдау мүмкіндігі туралы жүктің сапасын куәландыратын құжаттарда көрсетіледі.

Жүк жөнелтушінің талабы бойынша тасымалдаушы рефрижераторлық кемедегі температура журналын ұсынады, ал одан көшірмелерді береді.

38. Тез бұзылатын жүкті тасымалдауға арналған кемелердегі жүк үй-жайлары мұқият тазартылады, желдетіледі және Қазақстан Республикасы және Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттер-одағы аймағында қолданысқа рұқсат етілген құрылғылармен дезинфекцияланады және жуылады.

39. Мұздатылған және салқындатылған жүктерді тиеуге дейін рефрижераторлар трюмдері әдеттегі жүктерді тасымалдау үшін белгіленген Температурадан 2 градус цельсиядан төмен салқындатылады. Осындай жүктерді кемелерге тиеу тікелей

тоңазытқыштардан, арнайы вагондардан немесе автокөліктен айлақтарда сақтаусыз жүзеге асырылады. Осындай тәртіппен межелі пункттерде кемелерден түсіру жүргізіледі.

40. Межелі пункттерде тез бұзылатын жүктерді түсіру мен беру басқа жүктердің алдында жүргізіледі.

41. Тез бұзылатын жүктерді түсіргеннен кейін кемелер қоқыстан тазартылады, қажет болған жағдайларда – Қазақстан Республикасы және Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттер-одағы аймағында қолданысқа рұқсат етілген құрылғылармен дезинфекцияланады және жуылады, желдетіледі, ал корпустың ішкі қаптамасы және пиллерстер құрғақ шүберекпен сүртіледі. Ет пен балық өнімдерін тасымалдағаннан кейін әрқашан трюмдерді жуу жүргізіледі.

6-параграф. Жүктің салмағын анықтау

42. Жүктің салмағы кеменің шөгуі бойынша жүк операциялары уақытында балласт санының, кеме қорының (отынның, майдың, ауыз судың), сарқынды және шаруашылық лас сулардың өзгерістерін ескере отырып, оның жүкпен және бос су ығыстырғыштығының айырмасы бойынша мынадай формуламен анықталады:

$$G=(D_r - g_r)-(D_o - g_o), \text{ мұндағы:}$$

- 1) G - жүк салмағы, тонна;
- 2) g_o мен g_r - тиісінше бос және тиелген жай-күйдегі балласттың, кеме қорының, сарқынды және шаруашылық сулардың жиынтық саны, тонна;
- 3) D_o мен D_r - бос және тиелген кеменің су ығыстырғыштығы, тонна.

43. Орташа шөгуге байланысты кеменің су ығыстыруы шөгудің нақты өлшеулерін ескере отырып жасалған жүк шкаласы бойынша анықталады.

44. Бос және тиелген кеменің шөгуін жүк операциялары басталар алдындағы және аяқталғаннан кейінгі өлшеулер әрбір борт бойынша үш жерден мынадай тереңдеу маркалары бойынша жүргізіледі:

- 1) кеменің алдыңғы бөлігінде;
- 2) кеменің ортаңғы бөлігінде;
- 3) кеменің артқы бөлігінде.

Орташа шөгу барлық өлшеулер сомасын 8-ге бөлумен анықталады, әрі кеме шөгуінің ортаңғы бөлігіндегі (мидельдегі) мәні екі еселенеді.

45. Кемені тиеу немесе түсіру аяқталғанға дейін және одан кейін балласттың, ал қажет болған жағдайда отынның салмағы цистерналарды толтыру деңгейлерін өлшеу нәтижелері және тиісті калибрлеу кестелері бойынша анықталады. Қорлардың, соның ішінде отынның салмағы мен сарқынды және шаруашылық суларының салмағы қайта тиеу операциялары уақытында оларды алу немесе сарқынды және шаруашылық суларын тазалау станцияларына тапсыру жағдайларында ғана ескеріледі.

7-параграф. Кемелер мен контейнерлерге қойылатын талаптар

46. Тиеу үшін кемелер мен контейнерлер ыдыссыз тасымалданатын майда жүк легін тасымалдау кезінде жүктердің сақталуын қамтамасыз ететін техникалық жарамды жай-күйде, тиісті стандарттарда немесе техникалық шарттарда көзделген бастапқы қорабында немесе жеңілдетілген ыдыста, ал олар болмаған кезде — тасымалдау кезінде жүктің сақталуын қамтамасыз ететін орамда беріледі.

Бұл контейнерлерде азық-түліктік және өндірістік тауарлар, материалдық техникалық жарақтандыру заттары, азаматтардың жеке үй заттары тасымалданады.

8-параграф. Кемелер мен контейнерлерді пломбалау

47. Тиелген кемелер мен контейнерлер жүк жөнелтушінің пломбаларымен пломбаланады. Азаматтарға тасымалдауға ұсынылатын, үй заттары тиелген контейнерлер жүк жөнелтушінің қатысуымен кеме иесінің пломбаларымен пломбаланады, ал жүк жөнелтушілерге көліктік-экспедициялық қызметті жүзеге асыру кезінде осы көліктік-экспедициялық ұйым пломбалары қойылады.

48. Контейнерлер кемелер сияқты тәртіппен пломбаланады. Пломбалар мыналарға:

1) шпингалет үлгісіндегі құлыппен жабдықталған брутто салмағы 3 және 5 тонна болатын контейнерлерге тұтқасына қойылған құлып сабына бір-бір пломбадан, ал жұдырықшалы құлыппен жабдықталғандарға - соңынан жабылатын есіктің оң жапсырма құлпының ілмешекпен жабылған тұтқасына бір-бір пломбадан;

2) брутто салмағы 10, 20 және одан көп тонна болатын контейнерлерге соңынан жабылатын есіктің оң жапсырмасының сол жағында орналасқан құлпының ілмешекпен жабылған тұтқасына бір-бір пломбадан салынады.

49. Брутто салмағы 10, 20 және одан көп тонна болатын контейнерлерді пломбалаудан бұрын ілмешекпен жабылған тұтқа диаметрі 4 миллиметр, ұзындығы 240-250 миллиметр болатын күйдірілген сымнан жасалған бұғаумен бекітіледі. Бұғау тұтқаны және ілмешекті қамтиды (жабық күйінде), сым диаметрі 6 миллиметр олардың арасы 30-35 миллиметр болатын екі тесігі бар арнайы металл тілімше көмегімен соңына дейін жоғары бұралады.

Сымды бұғау тістегіштер немесе көрсетілген арнайы пластинка көмегімен шешіледі

50. Бір жүккұжатпен тиелген бірнеше контейнерлерді тасымалдау кезінде барлық контейнерлер бірдей бақылау белгілері бар пломбалармен пломбаланады.

9-параграф. Кемелердегі жүктерді орналастыру және бекіту

51. Кемелерде жүктерді орналастыру және бекіту Кемедегі жүктерді тиеудің, орындарын есептеудің және бекітудің техникалық шарттары бойынша жүргізіледі.

Техникалық шарттардың түбінде тасымалдау ерекшелітерін және олармен қолдану тәртібіне көрсететін негізгі, қосымша, ақпараттық және манипуляциялық белгілермен жүкті көліктік таңбалау танылады.

52. Кемеге жүк тиеу аяқталғаннан кейін жүк жөнелтуші мен кеме иесінің өкілдері жүкқұжатының беткі жағына "Жүк жөнелтушінің қатысуымен жүк Техникалық шарттарға сәйкес тиелді және кемеге орналастырылды" деген мазмұндағы белгіні өз қолдарымен куәландырады.

10-параграф. Кемені жүк тиеуге және жүкті түсіруге беру

53. Кемені немесе контейнерді жүк тиеуге (түсіруге) беру уақыты кеме иесінен жүк жөнелтуші (жүк алушы) тиісті хабарлама алған сәттен бастап есептеледі.

54. Кеме палубасына немесе контейнердің еденіне 15 шаршы сантиметрге килограмм күштен астам шоғырланған күш түсіретін ауыр салмақты жүктерді тасымалдауға рұқсат етілмейді.

11-параграф. Тасымалдау бойынша есептеулер

55. Тасымалдау бойынша есептеулер жөнелту пунктерінде жүзеге асырылады.

56. Жүргізілген тиесілі төлем жүкті беру пунктінде жүкқұжатта мөртаңбамен куәландырылады. Куәландырылған мөртаңбаға қарсы өндіріп алынбаған төлемдер межелі пунктте алынады.

12-параграф. Жүкті жеткізу мерзімдері және жеткізу мерзімін есептеу

57. Жүкті жеткізу мерзімдері жүк тасымалдауға қабылданған күннің 24 сағатынан бастап есептеледі.

Белгіленген тиеу күніне дейін жүкті тасымалдауға қабылдау кезінде жеткізу мерзімі осы жүк тиелген күннің 24 сағатынан бастап есептеледі, бұл туралы көліктік жүкқұжатта белгі жасалады.

58. Жүктерді жеткізу мерзімі жөнелту пунктінен межелі пунктке дейін барлық қашықтыққа есептеледі.

Шегінде жеткізудің әртүрлі мерзімдері белгіленген ішкі су жолдары бойынша жүк тасымалдау кезінде жалпы жеткізу мерзімі әрбір учаскеге жеке есептелген мерзімдер сомасы ретінде есептеледі.

Дүлей зілзалалар, әскери іс-қимылдар туындаған жағдайларда, сондай-ақ портта жүктер мен кемелердің шамадан тыс шоғырлануы туралы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерден кеме қатынасы қауіпсіздігі, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, жүктердің сақталуы мақсатында кемелер қозғалысын шектеу немесе оларға тыйым салынғандығы туралы шешім қабылданғандығын хабарлағанда, жүк жеткізу мерзімдері тасымалдаушымен жүк жөнелтуші (жүк алушы) арасында түзетілуі мүмкін.

Уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелері кеме қатынасы қозғалысының шектелуі немесе оларға тыйым салынғандығы туралы тасымалдаушыға, жүк жіберушіге және жүк алушыға тез уақытта жеткізуін қамтамасыз етеді, және оның себебін, қозғалыстың шектелуі немесе оларға тыйым салынған себепті, радио байланыс арқылы сондай-ақ басқада байланыс құралдары арқылы жеткізеді.

59. Қосымша уақытты ескере отырып анықталған жүктерді жеткізу мерзімі тұтас ондыққа дейін дөңгелектеледі. Бұл ретте 0,5 тәуліктен кем қалдық назарға алынбайды, ал 0,5 тәулікке тең немесе одан асатыны тұтас тәулік ретінде қабылданады. Жүктің межелі пунктке келу уақыты көліктік жүккұжатқа тиісті мөртаңба қоюмен куәландырылады.

60. Жүктерді жеткізу мерзімі әрбір басталған километрлердегі қашықтыққа (жол жүру нормасы) бір тәулік есебінен анықталады.

61. Белгіленген нормалар бойынша есептелген жүктерді жеткізу мерзімі мыналарға:

1) бір көліктік жүккұжатпен салмағы 20 тоннаға дейінгі ұсақ жөнелтілімдермен тасымалданатын жүктерді жинақтауға және жөнелтуге 2 тәулікке;

2) өздігінен жүрмейтін кемелерде, сондай-ақ қойғыштарымен жұмыс істейтін өздігінен жүретін кемелерде мұнай құйылған жүктерді тасымалдаған кезде құрамды жинақтау мен қалыптастыруға 2 тәулікке ұлғайтылады.

13-параграф. Жүктерге билік ету, олардың мекенжайын өзгерту және қайтарылуы

62. Авариялық жағдайлар мен авариялық оқиғалардан басқа, мекенжайын өзгертуге рұқсатты күтіп, кемелерді жолда кідіртуге рұқсат етілмейді. Осы Қағидалардың қолданысы межелі пунктін өзгертпей жүк алушыны өзгертуге және бастапқы межелі пунктте түсірілген жүкті қайта жөнелтуге қолданылмайды.

63. Жүктердің мекенжайын өзгерту кеме иесінің және жүк жөнелтушінің (өзара келісімі) бойынша жол береледі жеке тасымалдау шартымен ресімделеді.

Бұл ретте жүк жөнелтуші (жүк алушы) тасымалдаушыға жазбаша өтініш береді, онда:

- 1) жүктің атауы мен салмағы;
- 2) көліктік жүккұжаттың нөмірі және кемеңің нөмірі;
- 3) жүк жөнелтуші және жөнелту порты (кемежайы);
- 4) бастапқы межелі порт (кемежай);
- 5) жаңа межелі порт (кемежай) және жаңа алушының атауы;
- 6) мекенжайды өзгерту себептері көрсетілуге тиіс.

64. Мекенжайы өзгерген жүктерді одан әрі тасымалдау үшін жаңа көліктік жүккұжат жасалады.

65. Авария немесе авариялық оқиғалар салдарынан, сондай-ақ кемелердің шоғырлануын немесе тұрып қалуын болдырмау мақсатында жүктердің мекенжайын өзгерту жүк жөнелтушінің (жүк алушының) келісімімен жүзеге асырылады.

Жүктердің мекенжайын өзгерту бұл жағдайларда бастапқы көліктік жүкқұжат бойынша ресімделеді.

Көліктік жүкқұжатта межелі порт (кемежай) немесе жүк алушы түзетіледі және бұдан басқа көліктік жүкқұжаттың артқы жағында мекенжайын өзгерту туралы белгі жасалады.

66. Тасымалдаушы жүкті жүк жіберушіге оның есебіне келесі жағдайларда қайтарады:

1) Жүк жіберушіден төрт күн ішінде еркін түрде жазылатын жүктердің мекен-жайын өзгерту туралы жазбаша ешқандай бұйрық болмағанда, ал егер жүктер өздерінің сипатына байланысты тез арада өткізуді талап етсе, оларды сақтау мүмкін болмаса және оның бұзылуына әкеліп соқса, онда жүкті осы Ережедегі 85-93 тармақтарында көзделген тәртіпте сауда ұйымдарына өткізеді;

2) жүк жіберушіден немесе атқару құжатының иесінен, жүкті тасымалдауды доғаруды немесе жүкті қайтару туралы талабын алған жағдайда.

14-параграф. Жүктерді сақтау, жібермеу және беру

67. Порттар (кемежайлар) тасымалдауға қабылдаған немесе порттарға (кемежайларға) жүк алушыларға беру үшін келген жүктер, сондай-ақ транзиттік жүктер кемеден кемеге, кемеден вагонға немесе вагоннан кемеге қайта тиелгенде қысқа мерзімді сақтау үшін олар жабық қоймаларға немесе ашық алаңдарға орналастырылады.

68. Навигациялық кезеңде порттардың (кемежайлардың) жедел қоймаларында кемелермен тасымалдауға жататын жүктерді, сондай-ақ сұрыптауға, орауға, маркалауға жататын жүктерді сақтауға рұқсат етілмейді. Ерекше температуралық режимді қажет ететін тез бұзылатын жүктер порттардың (кемежайлардың) қоймаларында оларды әкету үшін белгіленген мерзімнен аспай сақталады.

69. Жөнелту сәтіне дейін жинақтауды қажет етпейтін тасымалдауға қабылданған жүктер порттарда (кемежайларда) тегін сақталады. Тасымалдауға межеленген тиеу күнінен бұрын немесе навигация ашылғанға дейін берілген жүктер жүк тасымалдау шартында белгіленген шарттармен сақталады.

70. Межелі пункттерде порттардың (кемежайлардың) қоймаларына және айлақтарына келген және түсірілген жүктерді жүк алушылар мынадай шекті мерзімдерде әкетеді:

1) 4 сағат ішінде, жүкалушыға жүк келгендігі туралы хабарлаған кезден бастап:

тірі, қиылған гүлдер; жас саңырауқұлақтар; шие, қызыл шие және өзге де жас жидектер, шабдалы;

еті бар жүктер (соның ішінде сойылған құс, жас құс еті, ет өнімдері), малдардың бас-сирағы және малдардың ішкі органдары;

сүт (қоюландырылғаннан басқа) және жаңа алынған кілегей;

балық (тірі, жаңа ауланған, мұздатылған), жаңа жасалған және мұздатылған балық өнімдері; ыстық сүрленген балық; балықтың тірі уылдырығы мен құртшабақтар; тірі шаян мен устрицалар, моллюска-крабтар;

мұз; ашытқы;

жарылғыш, улы және уландырғыш жүктер;

2) 8 сағат ішінде, жүкалушыға жүк келгендігі туралы хабарлаған кезден бастап: қарбыздан, картоптан, қызылша мен қырыққабаттан басқа, жаңа піскен көкөністер; жүзім, алмұрт, өрік және шабдалыдан басқа жемістер; жаңа сауылған сүттен басқа, сүт өнімдері; маргарин.

3) 12 сағат ішінде, жүкалушыға жүк келгендігі туралы хабарлаған кезден бастап: гүлдерден басқа, тірі өсімдіктер; тірі жануарлар мен құстар; түйірсіз, түйіршікті, бөлшектенген уылдырық; аз тұздалған, тұздылығы 8-12% балық; сыра, сіріңке;

4) 24 сағат ішінде, жүкалушыға жүк келгендігі туралы хабарлаған кезден бастап: жарылғыш, улы, уландырғыш жүктен және сіріңкеден басқа, қауіпті жүктер; қарбыз, асқабақ, картоп, қызылша және қырыққабат; былғары, тері, өңделмеген аң терісі; шараптық спирт; алколгольсіз сусын; табак, әк, кәдеге жаратылатын шикізат және қыл-қыбырлар; химиялық өнеркәсіп өнімдері; фосфор;

5) 48 сағат ішінде, жүкалушыға жүк келгендігі туралы хабарлаған кезден бастап:

тұздалған, ашытылған, жібітілген, қақталған көкөністер мен саңырауқұлақтар, сондай-ақ көкөністерден жасалған повидло мен пюре;

қақталған, маринадталған, жібітілген жемістер мен жидектер, жемісті және жидекті повидло, пюре және қамыр, жеміс пен жидектен жасалған тосап;

жоғарыда көрсетілгендерден басқа, тұздалған, кептірілген, сүрленген, маринадталған балық және балық өнімдері;

кондитерлік және ұн өнімдері;

цемент; жерді тыңайтатын заттар;

6) 5 тәулік ішінде, жүкалушыға жүк келгендігі туралы хабарлаған кезден бастап: жоғарыда айтылғандардан және үй заттарынан басқа, өзге де жүктер;

7) 30 тәулік ішінде, жүкалушыға жүк келгендігі туралы хабарлаған кезден бастап: үй заттары.

71. Жүктерді сақтау және әкету мерзімі тасымалдаушының құралдарымен жүктерді түсіру сәтінен бастап есептеледі.

72. Өз айлақтарында жүк алушының құралдарымен түсірілген жүктер түсіру аяқталған сәттен бастап жүк алушы қабылдаған деп есептеледі.

73. Порт (кемежай) сақтауға қабылдаған жүктер мынадай талаптарды сақтаумен қоймаға қойылады:

1) бір жөнелтімдегі барлық орындар қатар, маркалары, жүктің осы жөнелтімге жататынын білу үшін және жүк орындары санын есептеу үшін көрінетіндей сыртына шығарылып салынады, жекелеген жөнелтімдер бір-бірінен бөлек болуға тиіс;

2) қатардың биіктігі жүктің қасиетін, ыдыстың (орамның) беріктігін және қойма үй-жайының бір шаршы метріне түсетін рұқсат етілетін жүктемені ескере отырып қабылданады;

3) қоймалар мен алаңдарда:

қатарлар арасында - ені кемінде 1 метр, қойма есігінде - есіктің еніне тең, қатарлар мен қойма қабырғасы арасында - 0,5 метр өтетін жер қалдырылады;

4) жүктерді қоймаларда және ашық алаңдарда орналастырған кезде портішілік механикаландырудың (электр арбашалар, штабель төсегіштер, автокарлар және басқалары) еркін жылжуы мен маневр жасауын да қамтамасыз ететін өрт сөндіру және темір жол өтпелері бос қалдырылады;

5) жүк алушыларға көмек көрсетуді жақсарту және жұмыстарды жүргізудің қолайлы болуы мақсатында жүктерді сақтау кезінде оларды біртектілігі, бағыттары және иелері бойынша топтастыру қажет.

Порттар (кемежайлар) жүктің бұзылуының алдын алу үшін жүктерді ұдайы түгендеуді жүргізеді.

74. Тасымалдаушы жүкті жібермеуі келесі себептерден:

1) жүк алушының жүкті тасымалдағаны үшін көзделген құнын және басқада тасымалдаушыға тиесілі төлемдерді төлеуден бас тартқанда;

2) жүк алушының мекен-жайына келіп, межелі пункттің болмағанында, жүк жіберушіден жүкпен не істеу керек екендігі туралы бұйрық түспегенде;

3) иесі анықталуы мүмкін емес жүк табылған жағдайда (құжатсыз).

75. Тасымалдаушы жүк алушыны жүктің оның мекен-жайына межелі пунктке келгендігі туралы, жүктің келген күннің ертеңіне күндізгі 12 сағат ішінде хабардар етеді.

Межелі пунктке жүктің келгендігі туралы хабарландырулар жіберу тәртібі мен әдісі тасымалдаушымен белгіленеді. Тасымалдаушымен жүк алушы арасындағы келісім-шарт бойынша хабарландыру жасаудың басқа тәртібі болуы рұқсат етілген. Хабарландыру үшін қолда бар байланыс құралдары қолданылады.

Хабарландырудың шығындары тасымалдаушымен жүк алушының арасындағы ерікті түрде жазылған келісім-шарт арқылы анықталады.

Хабарландыруды уақытылы алу мақсатында жүк алушы хабарландыруды қабылдайтын тұлғаны анықтайды, оның тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) және телефонын, факсын, телексын жазбаша түрде тасымалдаушыға хабарлайды.

Хабарландыруды жіберумен қатар, межелі пункттегі жүктің келуі туралы хабарландыруды тіркеу журналына тіркеледі.

Жүктің келуі туралы хабарламада, хабарламаны берген күні мен уақыты белгіленеді.

Егер тасымалдаушы жүктің келгендігі туралы хабарламаса, жүк алушы вагонды, контейнерді қолданғаны үшін ақысынан және жүкті сақтағаны үшін жинаудан, жүктің келгендігі туралы хабарландыру берілгенше босатылады.

76. Кедендік бақылауға жататын жүктің межелі пунктке келгендігі туралы тасымалдаушы кедендік мекемені хабарландырады.

77. Жүк алушы оның мекен-жайына келген жүктің қабылдануын және тасымалдаушыға тиесілі ақының төленуін қамтамасыз етеді.

Қабылдап алу операциясы түсіру орнында жүзеге асырылады. Жүк алушының оның мекен-жайына келген жүктен бас тартуына жол берілмейді.

78. Заңның 97-бабының 1 және 3 тармақтарында көзделген, тасымалдау негізінде туындаған мән-жайларға байланысты, осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес коммерциялық акт және жалпы нысандағы акт (бұдан әрі - Акт) толтырылады.

Коммерциялық актіні жасауға мыналар тартылады:

- 1) жүктің ақаулығын тапқан тұлғы;
- 2) жүкті алушы (егер ақаул оның қатысуында анықталса);
- 3) кемеден немесе портан (пристан) жүкті қабылдаушы басқа көлік түрінің өкілі;
- 4) порт әкімшілігінің өкілі немесе пристан иесі;
- 5) жүкке жауапты болған тұлға.

79. Жүктің толық (жартылай) зақымдануында (бұзылуы) жүк алушы жүкті порттан (кемежай) шығармас бұрын, зақымдану (бұзылу) дәрежесін немесе жүктің кемдігін (экспертиза тағайындау) анықтайтын ұйғарымды және коммерциялық актің толтырылуын сұратады.

80. Акті жасауды туындатқан мән-жайлар, іс жүзіндегі барлық деректерді нақты жазумен сипатталады, сипатамаға жорамалдар, болжамдар, тұжырымдар мен қорытындылар енгізілмейді.

81. Акт үш данада жасалады, шарикті қаламмен немесе автоқаламмен қара немесе көк түспен немесе басып шығару құрылғысын пайдаланып толтырылады.

Актіні толтыру кезінде түзетуге, тазартуға және өшіруге жол берілмейді. Оны толтыру кезінде болған толықтырулар барлық акт толтыруда қатысушылармен келісіледі және қолдарын қою арқылы расталады.

Бірінші дана тасымалдаушыға беріледі, екіншісі дана жүк алушыға оның талабы бойынша беріледі немесе тасымалдау құжаттарына тіркеледі, ал үшінші дана порт әкімшілігінде сақталады.

82. Коммерциялық акті мынадай жағдайларда жасалады:

- 1) тасымалдау құжатында көрсетілген деректерге нақты жүк атауы, жүк салмағы, жүк орындарының саны сәйкес келмесе;
- 2) жүктің жоғалуы, жетіспеуі немесе зақымдануы (бұзылуы) орын алғанда;
- 3) тасымалдау құжаттарыңыз болған жүк анықталғанда, сондай-ақ жүксіз тасымалдау құжаттары анықталғанда;
- 4) тасымалдаушыға ұрланған жүкті қайтарған жағдайда.

Коммерциялық актілердегі деректер тасымалдау құжаттарының, өлшеулердің, зертханалық талдардаулардың негізінде көрсетіледі.

83. Акт осы Қағидалардың 28-тармағында көрсетілген мән-жайлар куәландырылған жағдайда жасалады.

Актіге оны жасау үшін негіз болған мән-жайларды куәландыруға қатысқан адамдар кемінде екі адам қол қояды.

Акт жасауға қатысатын тараптар актінің мазмұнымен келіспеген кезде, онда өзінің пікірлерін жазады.

84. Акті оны жасауды талап ететін мән-жайлар табылуы бойынша дереу жасалады.

15-параграф. Жүктерді сату

85. Мынадай жағдайларда:

1) сақтау үшін ерекше жағдайларды талап ететін (тез бұзылатын) жүктерді сақтау Ереженің 78 тармағында көрсетілген себептермен сақтау мүмкін болмаған;

2) егер жүк тасымалдау үшін жүкті қабылдауды тоқтату мерзімі басталғанға дейін тасымалдауға қабылданса және Заңның 60-бабының 1-тармағында көрсетілген себептерді қоспағанда, рейсті жалғастыруға Ұзақ кедергілер болуына байланысты кеме жолда кідірсе тасымалдаушы жүк жөнелтушімен (жүк алушымен) келісім бойынша шаралар қабылдайды;

3) егер жүк тасымалдау үшін жүк қабылдауды тоқтату мерзімі басталғаннан кейін тасымалдауға қабылданса және Заңның 21-бабында көрсетілген себептерді қоспағанда, рейсті жалғастыруға ұзақ кедергілермен байланысты жолда кідірсе және жүк жөнелтушіден (жүк алушыдан) төрт тәулік ішінде жүкпен не істеу қажеттігі туралы өкім түспесе, тасымалдаушы жүктерді сатуды жүргізеді.

86. Жүкті сатуды тасымалдаушы дербес немесе сауда ұйымдары арқылы жүргізеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айналымнан алынған және айналымда шектелген жүктерді өткізуге болмайды, сондай-ақ арнайы, сонымен қатар мемлекеттік және қорғаныс мұқтажына арнаулы куәлік бағыттағы жүк.

87. Жүкті сауда ұйымдарына беру талап етілмеген жүктерді сату қоймалары арқылы жүргізіледі.

88. Сату орнына жүкті тасымалдау сату пунктіне дейін сәлемдеме ретінде және бастапқы көліктік жүкқұжатты қоса берумен жүргізіледі.

89. Жүктер құрамында тасымалдаушының және жүк жөнелтушінің (жүк алушының) өкілі бар комиссияның бағалауы бойынша беріледі немесе сатылады. Жүкті бағалау туралы комиссия мүшелерінің қолы қойылған акті жасалады.

90. Жүкті бағалау салық төлемдерін есепке ала отырып, нарықтық бағалармен жүргізіледі.

91. Жүру жолында немесе порттарда (кемежайларда) жүктерді сатудан алынған ақша қаражатының сомасы (бұдан әрі - сома) тасымалдаушыға тиесілі сомасы шегере отырып, жүк жөнелтушіге (жүк алушыға) төлеу үшін нотариустың атына депозит шартында енгізіледі.

92. Тасымалдаушыға тиісті төлемдерді және оларды сатуға жұмсалған шығындарды шегер отырып, жүктерді сатудан алынған сома жүк құнын төлеген жағдайда жүк алушыға немесе басқа жағдайларда жүк жөнелтушіге аударуға жатады.

93. Егер жүктерді сатудан алынған сомалар тасымалдаушыға тиісті төлемдер мен жүктерді сақтауға және сатуға арналған шығыстарды өтеуге жеткіліксіз болса, тасымалдаушы түгел алынбаған соманы жүк жөнелтушіден (жүк алушыдан) өндіріп алады.

16-параграф. Қауіпті жүктерді тасымалдау

94. Қауіпті жүктерді тасымалдау "Қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 ақпандағы № 548 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде № 11857 тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

17-параграф. Кемені тазалау

95. Жүктен босатылғаннан кейін кемені жүк алушы қоқыстан тазартады, ал қажет болған жағдайларда - жуады.

96. Кемені тазаламағаны үшін жүк иесі кеме иесіне тазалау жұмыстарының құнын екі есе мөлшерде төлейді.

Ішкі су көлігінде жүктерді
тасымалдау қағидалары 1-қосымша

Нысана

Көліктік жүкқұжат № _____

Жүкті шеттен кіргізу рұқсат " ____ " _____ 20 ____ ж. Жөнелту _____
Жөнелту түрі

Тиеу белгіленді " ____ " _____ 20____ ж. Кеме _____

Кеме атауы және оның иесі _____

Жөнелту порты (кемежай) _____

Жүк жіберуші _____ Тасымалдау
қашықтығы:
есептелген

Жүкжіберушінің мекен _____ км
жайы _____ нақтысы

Келу порты (кемежай) _____ км

Жүк алушы _____

Жүк алушының
мекен-жайы _____

Жіберушінің қолы және белгісі	Орын саны	Ыдыс (орамы)	Жүк атауы	Жүк салдмағы анықталды	
				Жүк жіберуші	Тасымалдаушы
Барлығы					

Салмақты анықтау тәсілі _____

Таразыда (түрі, тиесілі), стандартқа сай,

трафаретті, өлшеуге, шарты

Кемені тиеу нормасы _____

Техникалық отыруына, акцептқа

Тиеу _____, Түсіру _____

Құралдарымен Құралдарымен

Көлік жүкқұжатының кері жағы

Төлемдер Пунктінде	Барлық жүру құны	Тиеу	Түсіру	Сақтау	Кемені тазалау жұмысы құны	Барлық төлемдер
Жүру						
Келу						

Жөнелтілгенде алынды _____

сомасы жазбаша

Жеткізгенде алынды _____

сомасы жазбаша

Жүк келгендігі туралы хабарлау тәртібі мен түрі _____

Жүк жіберушінің белгілері		Тасымалдаушының белгілері
---------------------------	--	---------------------------

Басқа мекен-жайға жіберу		
Тасымалдауға алынған жүктің уақыты және күні белгісі		Межелі пунктке жүктің келу уақыты және күні белгісі

Жүк жіберуші _____ Тасымалдаушы _____ Жүк алушы _____

Нысан

Жол ведомосі № _____

Тиеу белгіленді " ____ " _____ 20 ____ ж.

Портың (кемежай) басқарушысы _____

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) қолы

Жөнелтілуі _____

жөнелту түрі

Кеме _____

Кеменің атауы, номері, өзі жүретін, өзі жүрмейтін

Жөнелтілу порты (кемежай)	Келу порты (кемежай)		Тасымалдау қашықтығы:	
			есептелген _____ км нақтысы _____ км	
Жүк жіберуші			Жүк алушы	
Жүк жіберушінің мекен-жайы			Жүк алушының мекен-жайы	
Орын саны	Жүк атауы	Жүк салмағы килограмда анықталды		Тарифтік белгілер
		Жүк жіберуші	Тасымалдаушы	

Салмағын анықтау тәсілі _____

Таразыда (түрі, тиесілі), стандартқа сай,

трафаретті, өлшеуге, шарты

Кемені тиеу нормасы _____

Техникалық отыруына, акцептқа

Төлемдер белгісі	Төлемдер Пунктінде	Жөнелтілу	Алу
		мың теңге	мың теңге
	1. Тасымалдау төлемі барлығы		
	2. Тиеу		
	3. Түсіру		
	4. Сақтау		
	5.		
	6.		
	7.		

	Барлық төлемдер		
	Есептеу жасаған тұлғалардың қолы		

Жол ведомосі № _____

Тиеу белгіленді " ____ " _____ 20__ ж.

Портың (кемежай) басқарушысы _____

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) қолы

Жөнелтілуі _____

жөнелту түрі

Кеме _____

Кеменің атауы, номері, өзі жүретін, өзі жүрмейтін

Нысан

Жүкті қабылдап алу туралы түбіртек № _____

Тиеу белгіленді " ____ " _____ 20__ ж.

Портың (кемежай) басқарушысы _____

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) қолы

Жөнелтілуі _____

жөнелту түрі

Кеме _____

Кеменің атауы, номері, өзі жүретін, өзі жүрмейтін

Жөнелтілу порты (кемежай)	Келу порты (кемежай)		Тасымалдау қашықтығы: есептелген _____ км нақтысы _____ км	
Жүк жіберуші			Жүк алушы	
Жүк жіберушінің мекен жайы			Жүк алушының мекен жайы	
Орын саны	Жүк атауы	Жүк салмағы килограмда анықталды		Тарифтік белгілер
		Жүк жіберуші	Тасымалдаушы	

Салмағын анықтау тәсілі _____

Таразыда (түрі, тиесілі), стандартқа сай,

трафаретті, өлшеуге, шарты

Кемені тиеу нормасы _____

Техникалық отыруына, акцептқа

Төлемдер белгісі	Төлемдер Пунктінде	Жөнелтілу мың теңге	Алу мың теңге

	1. Тасымалдау төлемі барлығы		
	2. Тиеу		
	3. Түсіру		
	4. Сақтау		
	5.		
	6.		
	7.		
	Барлық төлемдер		
	Есептеу жасаған тұлғалардың қолы		

Ішкі су көлігінде жүктерді
тасымалдау қағидалары
2-қосымша

Коммерциялық акт

_____ күні
 _____ №
 Тиеу порты (пункті) _____
 Белгілеу порты (пункті) _____
 Жүк жөнелтуші _____
 Жүк қабылдаушы _____
 Жүкті қабылдаушыға тапсыру күні _____
 Коносамент № _____
 Жүк тексеру нәтижесі

Маркілер, белгілер	Орын саны	Қаптау күні	Жүктің атауы	Жүк салмағы	
				Жөнелтушнің арызы бойынша	Тасымалдаушының арызы бойынша
Құжаттар бойынша бар болуы					
Нақты бар болуы					

Багажды тексеру кезінде анықталған жағдайларды сипаттау _____

Қолдары _____ Лауазымы _____

Ішкі су көлігінде жүктерді
тасымалдау қағидаларына
3-қосымша

№ _____ Жалпы нысан актісі
_____ күні

Жүк жөнелтуші

Жүк қабылдаушы

кеме	күні	қойма	күні
Тиеу порты (пункті)	Түсіру порты (пункті)	Дана саны	
Маркілер және нөмерлер	Жүстің атауы және қаптау коды	Орын саны	Коносамент бойынша салмағы
			Коносамент №

Осы актіні жасау себебі

қолдары